

Ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жататын тауарларға қойылатын бірыңғай ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарға өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 9 шілдедегі № 116 шешімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 58-бабының 2-тармағына және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне № 2 қосымшаның 22-тармағына **сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы** шешті:

Қосымшаға **сәйкес Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 18 маусымдағы № 317 шешімімен бекітілген Ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жататын тауарларға қойылатын бірыңғай ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарға өзгерістер енгізілсін.**

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

Т. Саркисян

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2019 жылғы 9 шілдедегі
№ 116 шешіміне
ҚОСЫМША

Ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жататын тауарларға қойылатын бірыңғай ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарға енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР

1. 14-тараудың екінші абзацы "міндетті декларациялауға жататын" деген сөздерден кейін "(жабайы фауна өкілдерінде құс тұмауы пайда болған жағдайларды қоспағанда)" деген сөздермен толықтырылсын.

2. 15-тарауда:

оныншы абзацтағы ", қорасаннан (сиыр қорасанының вирусы мен қорасан вакцинасының вирусынан туындайтын)" деген сөздер алып тасталсын;

он бесінші абзацта:

бірінші сөйлем "барлық ет қоректілерді" деген сөздерден кейін "(қаракүзеннен басқа)" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші сөйлем алып тасталсын;

он жетінші абзацтағы "пастереллезаға" деген сөз "псевдомонозаға" деген сөзбен ауыстырылсын;

он тоғызыншы абзацта:

"вирустық энтеритке, парво-" деген сөздер "парвовирустық инфекцияларға" деген сөздермен ауыстырылсын;

"(егер профилактикалық мақсатта дегидрострептомицинмен немесе бара-бар әсер беретін, экспорттаушы елде тіркелген затпен емдеп-тұмдалмаған болса)" деген сөздермен толықтырылсын;

жиырма бірінші абзацтағы ", пастереллезаға" деген сөз алып тасталсын;

жиырма бірінші абзацтан кейін мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Ветеринариялық сертификат берген ветеринарлық дәрігер құтыруға қарсы иммунитетті бір жылдан астам ұстап тұратын вакцинаның мерзімі өтпегенін растаған немесе құтыруға қарсы иммунитеттің қауырттылығы кемінде 0,5 МЕ/мл-ды құрайтыны зертханалық расталған кезде ет қоректілерді, сондай-ақ 3 айлық жасқа толмаған құтыруға қарсы вакцина жасалмаған иттер мен мысықтарды әкелуге және (немесе) тасымалдауға жол беріледі.";

жиырма екінші және жиырма үшінші абзацтардағы "5 күн" деген сөздер "14 күн" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. 23-тараудың бесінші абзацы "міндетті декларациялауға жататын" деген сөздерден кейін "(жабайы фауна өкілдерінде құс тұмауы пайда болған жағдайларды қоспағанда)" деген сөздермен толықтырылсын.

4. 31-тараудың үшінші абзацы "міндетті декларациялауға жататын" деген сөздерден кейін "(жабайы фауна өкілдерінде құс тұмауы пайда болған жағдайларды қоспағанда)," деген сөздермен толықтырылсын.

5. 32-тараудың үшінші абзацындағы "тұмаудан" деген сөз "құс тұмауынан" деген сөздермен ауыстырылып, "міндетті декларациялауға жататын" деген сөздерден кейін "(жабайы фауна өкілдерінде құс тұмауы пайда болған жағдайларды қоспағанда)," деген сөздермен толықтырылсын.

6. 33-тараудың тоғызыншы абзацы "міндетті декларациялауға жататын" деген сөздерден кейін "(жабайы фауна өкілдерінде құс тұмауы пайда болған жағдайларды қоспағанда)" деген сөздермен толықтырылсын.

7. 36-тараудың екінші абзацы "тұмаудан" деген сөзден кейін "(жабайы фауна өкілдерінде құс тұмауы пайда болған жағдайларды қоспағанда)" деген сөздермен толықтырылсын.

8. 40-тараудың елу бірінші абзацы және 44-тараудың жиырмасыншы абзацы "міндетті декларациялауға жататын" деген сөздерден кейін "(жабайы фауна өкілдерінде құс тұмауы пайда болған жағдайларды қоспағанда)" деген сөздермен толықтырылсын.